

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Тақырыбы: «Елін сүйген Елбасы»

ЖАРИЯЛАНДЫ
10.12.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/86859/>

Хабиева Гулвира Еркиновна

Тақырыбы: «Елін сүйген Елбасы»

Мақсаты: Елімізге еңсе тіктеп, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын асқақтатқан Елбасының кісілік келбетін таныту. Елін сүйген елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу.

Билингвальды компонент: Елбасы-Президент

Сөздік жұмыс: Елбасы, Отан, Тәуелсіздік

Әдіс-тәсіл: Көрсету , түсіндіру, сұрақ-жауап, қорытынды

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық ізденіс	Шаттық шеңбері: Қуан шаттан алақай Қуанатын күн бүгін Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? -Қәне ай атауларын атайықшы? -Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?	Балалар қуана шаттық шеңберін орындайды -Күз -Үш ай бар -Қыркүйек Қазан Қараша -балалар жауап береді

<p>Іздену - Ұйымдастырушы</p> <p>Рефлексті коррекциялаушы</p>	<p>-Әнұран орындалады;</p> <p>-Балалар сендер білесіңдерме, біздің Отанымыз қалай аталады? -Отан дегенді қалай түсінесіңдер? -Қазақстанның Елордасы қай қала? -Нұрсылтан өте әсем қала, Нұрсылтан қаласында үлкен ғимараттар орналасқан. -Біздің Тұңғыш Елбасымыз кім? -Еліміз егемендік алған соң біздің еліміз басқаратын басшы керек болды. Сондықтан қазақ елі 1991жылы 1-желтоқсан күні Елбасы сайлады. Осы күні тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаев Елбасы болып сайланады. 10-желтоқсан күні Елбасы ұлықтау салтанаты өтті. Елбасы ант қабылдады. -Елбасы туралы кім тақпақтар айтып береді?</p> <p>Жарайсыңдар балалар! Ендеше сергіту сәтін жасап алайық.</p> <p>Сергіту сәті: Күн болып жанайық Мөлдір су болып ағайық Гүл болып жайнайық Терең дем алып Жүгіріп-жүгіріп алайық</p> <p>-Балалар біздің Отанымыз Қазақстан . Отанымыздың дамуы үшін Елбасымыз көптеген жұмыстар атқарды. Әсем Нұрсылтан қаласын тұрғызады. Нұрсылтанда әсем ғимараттар мен биік-биік үйлер бар. Нұрсылтан қаласының мақтанышы ол Бәйтерек. Сонымен қатар ауыл, қала аудандарда жаңа мектептер , балабақшалар тұрғызды. Мұның бірден бір айғағы міне ауыл балалары осындай кең жайлы балабақшаға қол жеткіздік. Осылайша Отанымыз күнен күнге дами берді. -Отан туралы тақпақтар айтады балалар,</p> <p>«Менің сүйікті қалам!» дидактикалық ойын Шарты: ойын бастаушы Сүйікті қалаңды ата деп допты бір балаға лақтырады. Бала жауап береді. Келесі балаға допты лақтырады. Сұақ-жауап арқылы оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды мақтау, мадақтау</p>	<p>-Хор</p> <p>-Қазақстан -Балалар жауап береді -Нұрсылтан</p> <p>-Н.Ә.Назарбаев</p> <p>-Балалар мұхият тыңдайды.</p> <p>Айбиби: Елбасымыз жолдайды. Халқа оны қолдайды. Ешқашанда орынсыз Шешімдері болмайды.</p> <p>Алшын: Ел бағына туылған Ұлтқа ұран ту болған Халқы патша сайлаған Нұрлы Сұлтан-Нұрсұлтан</p> <p>Раяна: Тәуелсіздік еліміз Мәңгі жасар жеріміз Тәуелсіздік жасаған Аға апаларымыз</p> <p>-Балалар мұхият тыңдайды.</p> <p>-Балалар қимылды сергіту сәтін орындайды.</p> <p>-Балалар мұхият тыңдайды.</p> <p>Алдияр: Күн беттеп бара жатыр көш бастап Елдің даңқы бар жақанға естіліп</p> <p>Әрсен: Елбасын құрметтейтін ерекше Армысыздар ақ пейімді көпшілік</p> <p>Балалардың жауаптары</p>
---	--	---

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Өз еліміздің тәуелсіз егемен жеке мемлекет екенін біледі;

Болу керек: Өз Тұңғыш Елбасымыз, Нұрсұлтан қаласы бар екенін айта алады;

Баланың қолынан келуі: Елбасы, Отан туралы тақпақ айтып бере алады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.